

Ш.Қ. «Ерсұлтан» жеке «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы.

Тақырыбы: «АЛТЫН КҮЗ»

Өткізген: Ш.А.Ихсанова.

2023-2024 ЖЫЛ

Тақырыбы: «Алтын күз»

Мақсаты: Алтын күз мерекесін өткізу. Күз туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. Балаларға күзгі табиғаттағы ерекшеліктері туралы түсінік беру. Балалардың күз байлықтары: астық, көкөніс, жеміс-жидектер туралы білімдерін кеңейту. Алтын күздің адамға берер пайдасын түсіндіру және табиғатты сүйуге тәрбиелеу.

Музыка ойнап, әсем безендірілген залға балалар кіреді.

Тәрбиеші: Қуандырып біздерді,
Мереке келді күз келді.
Кел жемісті алтын күз,
Кемелденсін халқымыз.

Құрметті қонақтар! Балалар! Алтын күз мерекесіне қош келдіңіздер! Ел байлығын арттырған берекелі де, мерекелі күз мерекесі құтты болсын! Ендеше «Алтын күз» атты мерекелік ертеңгілігімізді бастаймыз.

Жапырақтар сап- сары,
Қонып жатыр жерге кеп
Қызықтап бау – бақшаны,
Шаттанады бал – бөбек.

Осы кезде біреу есік қағады ашып қарасақ қонаққа «Күз ханшайымы» келіпті. (осы кезде себетке толы жапырақтары бар «Күз ханшайымы» билеп кіреді) Балалар қол шапалақтап күз ханшайымын қарсы алады.

Күз ханшайымы: (Жапырақтардан шашу шашады)

Алтын күзге боялды,

Таумен қырға дала күз.

Келдім міне ортаға

Менің атым алтын күз.

Саламатсыздарма балалар мен алтын күзбін айналаның бәрін сары түске бояп қойдым.

Тәрбиеші: Қош келдіңіз күз ханшайымы төрлетіңіз. Балалармен бірге алтын күз мерекесін тойлатыңыз.

Ән: хор «Алтын күз»

Ендеше балалардың тақпақтарын тыңдап көрейік.

Лилия

Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді.

Айя

Алақай, алақай
Шаттанды балақай,
Күз түсті, дән пісті,
Айтамыз алғысты.

Альдияр

Мен өрікпін өрікпін,
Бау бақшаға көрікпін
Пісіп тұрған шағымда
Алар екен теріп кім

Айлана

Қамба толы астыққа,
Алғыс саған алтын күз.
Бір уыс дән шаштықта,
Қап қап қауын алдық біз.

Айгерім

Күзім- ау күзім- ау,
Мінезің бұзық ау.
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық ау.

Аяла

Жапырақ ұшты,
Суықта түсті
Сондада бізге,
Қызық көп күзде

Заһир

Құстар қайтты ән салып,
Бұлт шарлады аспанды.
Қыс келеді жар салып
Күзгі суық басталды.

Хамзат

Алқаптан бидайды,
Қоймаға ел жинайды.
Тырнасы тізілген,
Ұнатамын күзді мен.

Муслим

Қарашы күз келді, күз келді.
Жапырақ жауыпты іздерді.

Нұрислам

Алтын сары, қызыл көк,
Алуан – алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.

Ясина

Күзде дала жаурайды,
Көкте бұлттар аунайды.

Нұрайым

Бұтағынан үзіліп
Жапырақтар саулайды

Іңкәрім

Күздің қазан айында,
Алма алмұрт піседі.
Жапырақтар сарғайып,
Сыбдыр сыбдыр етеді.

Даяна

Келді міне күз
Айнала сары түс.
Керемет, тамаша,
Қандай әсем күз.

Жансұлтан

Қуандырып біздерді
Келді жемісті алтын күз.
Өлкемізге күз келді,
Кемелденсін халқымыз.

Ерке

Сап сары маңайы,
Сап сары тоғайы
Соңғы әнін айтып,
Құстар кетті қайтып.

Зере

Жемісін мол теретін
Күз дос екен бізбенен
Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген.

Жалғас

Көбейді құт береке
Астық толы қамбамыз.
Құтты болсын мереке,
Алтын күзді тойлаймыз.

Ержан Аяна

Көрініп еліме
Күндері мереке
Келді ғой жеріме
Күз дейтін мереке.

Асмира

Жетті желмен алтын күз,
Жеміс жинау салтымыз.
Жиып – теріп болған соң,
Той жасайды халқымыз.

Айкөркем

Ән салыңдар күліңдер
Жайнап гүлдей жүріңдер
Күздің тойын тойлаймыз,
Би билейік ойнайық.

Кенжетай Аяна

Күн суытып
Жапырақтар түседі.
Астық – жеміс жиылды,
Қамбамызға құйылды.

Жанел

Ақтарады мырза күз,
Уылжыған жемісті.
Күзге біздер ризамыз,
Шақырады біздерді.

Дінмұхамбет

Жайдарлы күз, жомарт күз,
Аяулы күз, алтын күз.

Ахмат

Күз келді алақай!
Алтын келді дала.

Шалқан ертегісі

Ұшты кенет жапырақ
Ой алақай, тамаша.
Шашу шашты жапырақ!
Ән: «Күз тамаша»

Би: «Флешмоб»

Тәрбиеші: Күздің керемет, байлығы өте көп. Күзде біздің дастарханымыз дәнді дақылдарға, көкөністерге, жеміс- жидектерге толы болады, бірақ осы байлыққа жету үшін көп еңбек ету керек. Міне балалар осымен «Алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Сіздерді күз мерекесімен құттықтаймын.